

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
МЕН  
РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ  
ЖОҒАРЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БІЛІМНІЦ  
ФЕДЕРАЛДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІК БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ  
«ПЕНЗА МЕМЛЕКЕТТІК АРХИТЕКТУРА ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС  
УНИВЕРСИТЕТІ»  
АРАСЫНДАҒЫ  
ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректор Сыдықов Ерлан Бәтташұлы, бір тараптан және Жоғары мамандандырылған білімнің федералды мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі «Пенза мемлекеттік архитектура және құрылыш университеті» атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректор Скачков Юрий Петрович, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар», ал жекелегенде «Тарап» деп аталып, жоғары білім беру, ғылым және мәдениет саласында тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату және оқу, методологиялық және ғылыми зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін, өзара түсіністік туралы Меморандум (бұдан әрі «Меморандум») жасасып, төмендегілер туралы келісті:

**1 бап**

Меморандумның мақсаты – «Сәулет» және «Құрылыш» бағыттары бойынша ынтымақтастықты нығайту мен дамыту және екі университет арасындағы өзара түсіністікті қолдау.

**2 бап**

Осы Меморандумның мақсаттарын жүзеге асыру үшін, Тараптар бір-бірімен келесі бағыттар бойынша ынтымақтасуға келісті:

- білім алуға, өтілімнен өтуге, оқу-өндірістік және ғылыми тәжірибелерден өтуге, біліктілікті көтеру үшін оқытушылармен, зерттеушілермен, PhD докторанттармен, магистранттармен және бакалаврлармен академиялық алмасуға;
- ғылыми педагогикалық кадрлар мен тараптар арасында өзара мұдделі мамандарды дайындау бойынша ынтымақтасуға;
- лекциялар өткізуге, тәжірибелер және оқу-әдістемелік қызметі бойынша ақпаратпен алмасу мақсатында тараптардың өкілдерін шақыруға;

- бірлескен ғылыми, ғылыми-техникалық зерттеулер, конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер және басқа да ғылыми іс-шаралар өткізуге;
- бірлескен іс-шаралар орындау нәтижелері бойынша зерттеулер, оқу-әдістемелік материалдарды басып шыгаруға;
- басылымдармен, ғылыми зерттеулермен, оқу-әдістемелік әдебиетпен, мерзімдік басылымдармен, жүргізілетін іс-шаралар туралы ақпаратпен алмасуға;
- магистрлік дәрежелер мен PhD бағдарламаларын дайындауда ынтымақтасуға;
- диссертациялық кеңестің арасында өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға;
- диссертациялар мен монографияларды талқылауға, рецензиялау және корғауда және ғалымдар мен оқытушылардың ғылыми және педагогикалық біліктілігін көтеруде өзара көмек көрсетуге;
- бұл Меморандум шенберінде оку орындарының қызметі туралы қоғамды ақпараттандыруға.

### **3 бап**

Біріккен ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды, тапсырмаларды бөлуге, мерзімдерді және есеп беруді, интеллекталдық меншік сұрақтары бойынша және басқа да ынтымақтастық түрлерін іске асыру сұрақтары бойынша Тараптар жобаны (жобаларды) орындау туралы Тараптардың құқықтық және қаржылық міндеттемелерін орнататын бөлек келісім шарт жасауы керек.

### **4 бап**

Тараптардың өзара келісімдері бойынша қаржыландыру шартын іске асыру жобасы қашан және қалай туындастыны осы Меморандумның келесі талқылауының пәні болып табылады.

Тараптар қорлармен бірге, әлеуетті қаржы серіктестіктерін тарту мүмкіндігін қарастырады.

### **5 бап**

Осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша келісімдерге қол қою арқылы, осы Меморандумға тараптардың өзара келісуі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және бұл өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың уәкілдегінен тиісті түрде рәсімделіп қол қойылуы тиіс.

## **6 бап**

Тараптар осы Меморандум аясында ынтымақтастықты жүзеге асыру барысында тиісті қатысушы мемлекеттердің зандары мен ережелерін ұстанады.

Меморандумға қатысты туындаған келіспеушіліктер университет арасында талқылаулар және келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

## **7 бап**

Осы Меморандум оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл мерзім ішінде жарамды болып табылады. Егерде осы Меморандумның аяқталу мерзіміне дейін 6 (алты) ай бұрын екі тараптардың бірі Меморандумды қысқарту туралы мәлімдемесе, бұл Меморандум кейінгі 5 (бес) жыл мерзімге ұзартылуы мүмкін.

## **8 бап**

Осы Меморандум екі данадан, занды күші тең, қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті**

**Ректор**

(Сыдықов Ерлан)

**Күні:**

«27» 05 2013 жыл

**Жоғары мамандандырылған  
білімнің федералды мемлекеттік  
бюджеттік білім беру мекемесі  
«Пенза мемлекеттік архитектура  
және мұралынан университеті»**

**Ректор**

(Скачков Юрий)

**Күні:**

«17» 05 2013 жыл

*[Handwritten signature]*

*[Handwritten signature]*

**МЕМОРАНДУМ О ВЗАИМОПОНИМАНИИ**  
**МЕЖДУ**  
**ЕВРАЗИЙСКИМ НАЦИОНАЛЬНЫМ УНИВЕРСИТЕТОМ ИМЕНИ**  
**Л.Н. ГУМИЛЕВА**  
**(РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН)**  
**И**  
**Федеральным государственным бюджетным образовательным**  
**учреждением высшего профессионального образования**  
**«ПЕНЗЕНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ**  
**АРХИТЕКТУРЫ И СТРОИТЕЛЬСТВА»**  
**(РОССИЙСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ)**

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, в лице ректора Сыдыкова Ерлана Батташевича, действующего на основании Устава, с одной стороны, и Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего профессионального образования «Пензенский государственный университет архитектуры и строительства», в лице ректора Скачкова Юрия Петровича, действующего на основании Устава, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности «Сторона», для того чтобы установить прямое и взаимно выгодное сотрудничество в области высшего образования, науки и культуры и повысить эффективность учебного, методологического и научно исследовательской работы, заключили настоящий Меморандум о взаимопонимании (далее «Меморандум»), о нижеследующем:

**Статья 1**

Целью настоящего Меморандума является укрепление и развитие сотрудничества по направлениям «Архитектура» и «Строительство» и содействие взаимопониманию между двумя университетами.

**Статья 2**

Для реализации цели настоящего Меморандума Стороны согласуются сотрудничать друг с другом по следующим направлениям:

- академический обмен преподавателями, исследователями, PhD докторантами, магистрантами, и бакалаврами для прохождения обучения, стажировки, учебно-производственных и научных практик, повышения квалификации;
- сотрудничество в подготовке научно-педагогических кадров и специалистов в областях, представляющих взаимный интерес;
- приглашение представителей Сторон для чтения лекций, обмена опытом и информацией по учебно-методической работе, а так же учебными планами и программами;



